



116.0114
Нысан коды

ҚҰЖС коды

Ақпарат «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес респонденттің тұрған жері бойынша облыстық, қалалық, аудандық (керектісінің асты сызылсын) статистика органына табыс етіледі.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 10. 06. 2005 ж. № 15 г бұйрығымен бекітілген.

№2-ШК нысаны бойынша есеп беретіндерден басқа заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, негізгі қызмет түрі өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, денсаулық сақтау, ғылым саласына жататын заңды тұлғалар 31-қаңтардан кешіктірмей табыс етеді

Ақпарат алушы құпиялылығын сақтауға кепілдік береді

Есепті толтыруға әсұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршап сызыңыз)

1 сағ. дейін	1 - 4	4 - 8	8 - 40	40 сағ. артық
--------------	-------	-------	--------	---------------

ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ҚОЛАЙСЫЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

200__ ЖЫЛҒЫ
I. Еңбек жағдайының жай-күйі

адам

А	Жол коды	Есепті жыл соңына барлық персонал	одан	
			еркектер	әйелдер
	Б	1	2	3
Қызметкерлердің тізімдік саны (баланың күтіміне байланысты қосымша демалыста жүргендерсіз)	01			
соның ішінде жұмысшылар	02			
одан түнгі ауысымда жұмыс істейтін әйелдер	03	X	X	
Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің нақты саны (санитарлықгигиеналық талаптарға, нормаларға сай келмейтіндер)	04			
Одан: сыртқы жағдайлардың әсерімен жұмыс істейтіндер:				
жоғары шуылдың деңгейінде	05			
жоғары дірілдің деңгейінде	06			
жұмыс айналасындағы ауаның газдануы мен шаңдануы ШМҚ-дан (шектеуі мүмкін болатын коэффициенттен) асқан жағдайда	07			
қолайсыз температуралық режимде	08			
электрлік, магниттік, электромагниттік толқындардың, радиожилік кернеулігінің жоғары деңгейінде	09			
лазерлік сәуле шығарудың жоғары деңгейінде	11			
ультрақұлгін сәуле шығарудың жоғары деңгейінде	12			
радиациялық факторда	13			
биологиялық факторда	14			
Ауыр дене еңбегімен шұғылданатын қызметкерлердің нақты саны	15			
Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жабдықтарда жұмыс істейтін қызметкерлердің нақты саны	16			
	17			

II. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларындағы жұмыстарға жеңілдіктер мен өтемақылар

	Жол коды	Есепті жыл соңына барлық персонал, адам	соның ішінде, әйелдер	Бір жыл ішінде кәсіпорынның барлық персоналдың жеңілдіктері мен өтемақыларына жұмсаған шығыны, мың теңге
А	Б	1	2	3
Зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істеген қызметкерлердің тізімдік санына белгіленген:				
қосымша демалыс	18			
қысқартылған жұмыс күні	19			
тегін емдік-профилактикалық тағам	20			
сүт немесе басқа да тең бағалы өнімдерді тегін алу	21			
зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайлары үшін үстеме ақы	22			
жеңілдіктер жағдайындағы мемлекеттік арнаулы жәрдемақыға құқық (№1-тізім бойынша)	23			X
18-23-жолдарда келтірілген жеңілдіктердің немесе өтемақылардың ең болмаса бір түрі белгіленген қызметкерлердің тізімдік саны	24			X
Жеңілдіктер мен өтемақыларға жұмсалған шығынның жалпы сомасы	25	X	X	
	26			
	27			



мекен-жай бөлігін қию сызығы

Кім табыс етеді _____

атауы, мекен-жайы _____

“ ___ ” _____ 200__ж.

Басшы _____

M.O.

Бас бухгалтер _____

орындаушының аты-жөні және телефон № _____

Нысанды толтыру бойынша нұсқаулық

1. Есепте деректер кәсіпорынның барлық персоналы бойынша келтіріледі. «Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасы Заңының 19 бабының 16 тармағына сәйкес есепке 18 жасқа толмаған адамдар алынбайды.
2. Деректер есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша соңғы өлшенген өндірістік орта факторларының деңгейіне сәйкес келтіріледі.
3. 05-16-жолдар бойынша қызметкерлердің саны туралы деректер осы қызметкерлердің қолайсыз еңбек жағдайлары үшін жеңілдіктер алатынына немесе алмайтынына қарамастан көрсетіледі.

I бөлім. Еңбек жағдайының жай-күйі

4. Санитарлық-гигиеналық нормалар әзірленген зиянды өндірістік факторлардың тізбесі 1994 жылғы 22 тамызда Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері бекіткен Еңбек гигиенасы бойынша санитарлық ережелер мен нормаларда келтірілген.

5. 04-жол бойынша зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін, олардың өндіріс объектілерінде санитарлық-гигиеналық нормалармен белгіленген ең болмаса бір зиянды өндірістік факторы ШҰҚ-дан (химиялық заттың немесе өнеркәсіптік шаңның Шектеулі ұйғарымды концентрациясынан) немесе ШҰД-дан (элементтің Шектеулі ұйғарымды деңгейінен) асып түскен қызметкерлердің саны келтіріледі. Мұның өзінде әрбір жұмысшы оған есер ететін зиянды өндірістік факторы санына қарамастан тек бір рет қана есепке алынады.

6. 05-14-жолдар бойынша жұмыс орындарында шуыл, діріл, температуралық режим, электрлік, магниттік, электромагниттік өрістердің (радиожиіліктің), лазерлік және ультракүлгін сәуле шығару, сонымен қатар радиациялық және биологиялық факторлардың деңгейі белгіленген шектеулі ұйғарымды деңгейінен асып түскен; жұмыс айналасындағы ауаның шаңдануы мен газдануы зиянды заттың немесе өнеркәсіптік шаңның шектеулі ұйғарымды концентрациясынан асып түскен қызметкерлер көрсетіледі.

7. Ауыр дене еңбегімен шұғылданатын қызметкерлердің (15-жол) санын анықтау, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі №185-п «Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасымалдау және орнынан ауыстырудың шектеулі нормаларының тізімін бекіту туралы», сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 186-п «Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың және әйелдердің ауыр заттарды көтеру және қолмен орнынан ауыстырып қоюдың шектеулі нормаларының тізімін бекіту туралы» сәйкес жүргізіледі.

8. 16-жол бойынша қауіпсіздіктің талаптарына сай келмейтін құралдармен жұмыс істейтіндердің саны көрсетіледі.

II бөлім. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында орындалған жұмыстар үшін жеңілдіктер мен өтемақылар

9. II бөлімде деректер зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдіктер мен өтемақылар алатын барлық қызметкерлер (яғни барлық қызметкерлер санаттары) бойынша келтіріледі. Экологиялық апат аудандарында, сондай-ақ жағдайлары қолайсыз аудандарда (биік тауларда, шөлдерде, т.с.с.) жұмыс істегені үшін жеңілдіктер II бөлімді толтырған кезде **ескерілмейді**.

10. 18 және 19-жолдар бойынша мыналар **енгізілмейді**:

- «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабына сәйкес ауыр, зиянды және аса зиянды жұмыстар мен өндірістерде еңбек етуге тыйым салынған I және II топтардағы мүгедектер.

- Өндіріс көлемінің азаюы, шикізаттың, материалдың, т.с.с. болмауы салдарынан толық емес жұмыс күні (аптасы) істеген қызметкерлер.

11. 18-жол бойынша «Жыл сайын төленетін қосымша еңбек демалысын алуға және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін зиянды (аса зиянды) және (немесе) ауыр (аса ауыр), қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайлары бар өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың, ауыр жұмыстар тізімін бекіту туралы және оны пайдалану бойынша нұсқаулықтар» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 31 шілдедегі №182-п бұйрығына сәйкес қосымша демалысты пайдаланатын қызметкерлер саны көрсетіледі. Сондай-ақ жұмыс беруші қоғамдық органдармен (кәсіподақ комитетімен) бірлесіп зиянды және қолайсыз еңбек жағдайлары үшін қосымша демалысты дербес белгілеген қызметкерлер саны ескеріледі.

12. 19-жолда «Тізімге» (11-тармақты қараңыз) енгізілген және кәсіпорынның өзі зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары үшін қысқартылған жұмыс күнін белгілеген, қысқартылған жұмыс күнін пайдаланатын қызметкерлер көрсетіледі

13. 20-21 жолдар бойынша «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен сүт және емдік-профилактикалық тағамды, арнайы киім, арнайы аяқкиім және өзге де жеке басын қорғау құралдарын қызметкерлерге беру ережелерін және нормаларын бекіту» және «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді ұйымдық қорғау құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар мен құрылғылармен қамтамасыз ету ережесі» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 31-шілдедегі № 184п бұйрығымен бекітілген тізім негізінде зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегеніне байланысты сүт және өзге де оған теңдес тағамдық өнімдерді, емдік-профилактикалық тағамды тегін алатын қызметкерлердің саны көрсетіледі.

Емдік-профилактикалық тағамдар, сүт және басқа да тағамдық өнімдерге бір жылда кеткен нақты шығыстар үстеме шығыстарға сәйкес бухгалтерлік есептің деректері негізінде жиынтығы түрінде есептеледі.

14. 22-жолға зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін кәсіпорынның әкімшілігі, кәсіподақ комитеті белгілеген немесе ұжымдық шартқа енгізілген қосымша ақылар алатын қызметкерлер енгізіледі.

15. 23-жол бойынша Қазақстан Республикасының «Жер астында және ашық кен орындарында, аса зиянды және аса ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13-шілдедегі № 414-1 ҚРЗ Заңына (№1 тізім) сәйкес салаларда, өндірістерде, цехтарда, кәсіптерде, лауазымдарда істейтін қызметкерлер саны көрсетіледі.

16. 24-жол бойынша зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін жоғарыда келтірілген жеңілдіктер мен өтемақылардың ең болмаса бірін алатын қызметкерлер саны көрсетіледі. Мұның өзінде 24-жолда әлгі қызметкер жеңілдіктер мен өтемақылардың бір немесе бірнеше түрлерін пайдаланғанына қарамастан оның тек біреуі ғана есепке алынады.

17. Осы есеп Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 12 шілдедегі №38-Г бұйрығымен бекітілген «Еңбек бойынша статистикалық есептілікті толтыру бойынша нұсқаулыққа» сәйкес толтырады.

Еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары туралы нормативтік құқықтық кесімдердің мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және жұмыспен қату департаменті және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аймақтық бөлімшелеріне хабарласуына болады.